

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Жаһандану, әлемдік дағдарыстар, жаһандық цифрлық кеңістік және басқа да оң және теріс сипаттағы факторлар Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетінің барлық құрамдас бөліктеріне, экспорттық қызметтің динамикасына айтарлықтай әсер етті, бұл мемлекеттік қолдаудың жекелеген әдістері мен құралдарын жедел жақсартуды қажет етті. Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетін одан әрі дамыту – бұл өңдеу деңгейі жоғары өнімдер, инновациялық тауарлар мен қызметтерді өндіру мен экспорттауға, олардың өндірісін ынталандыруға, сауда арналарын дамытуға бағытталған шаралардың тұтас кешені.

Алдағы уақытта Шығыс Қазақстан облысы экспортының тауарлық құрылымын айқындайтын факторларды жинақтап көрейік. Бір жағынан, бұл жақын болашақта өзгеруі қиын статикалық факторлар: географиялық орналасу, табиғи ресурстар, қалыптасқан байланыстар, аймақтық артықшылықтар және т.б. Екінші жағынан, динамикалық факторлардың әсері артып келеді: инновациялар, жоғары технологиялар, салаларды цифрландыру, маркетинг құралдары [4]. Шығыс Қазақстан облысының экспорттық әлеуетін іске асырудың барлық факторлары тартылған жағдайда кәсіпорындардың тек облыста ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілігінің өсуі қамтамасыз етіледі. Өз кезегінде экспорттың өсуі облыс экономикасын ынталандырып, әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандырады. Шығыс Қазақстан облысында сауда және халықаралық интеграция арқылы дамуды кеңейту және тереңдету үшін өзінің бай ресурстық базасын пайдалануға барлық жағдай бар.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректер базасы stat.gov.kz
3. Key statistics and trends trade trends under the Covid-19 pandemic // 2021, United Nations All rights reserved worldwide https://unctad.org/system/files/official-document/ditctab2020d4_en.pdf.
4. Мазилев Е.А. Экспортный потенциал малых и средних предприятий. // Проблемы развития территории. Выпуск (78), 2015. -С.26-35.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ

Нурпеисова А., Улгасбаева А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ainura.n.04@mail.ru, ulgasbaeva04@mail.ru

Қарағанды облысы ауданы жағынан ең үлкен облыс, Қазақстанның орталығында орналасқан. Облыс орталығы Қарағанды қаласы. Облысқа Теміртау, Жезқазған, Шахтинск, Саран секілді қалалар кіреді. Қарағанды облысы халық саны жөнінен 4-ші орынды алады, халық саны 1.375.780 адамды құрайды. Оның ішінде зейнеткер жастан асқан халық 165.061, еңбекке қабілетті халық 798.611, ерлер 450.457 әйелдер 348.154.

Қазіргі таңда жұмыссыздық деңгейі 4,6% құрайды. Облыстың республикадағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 15% пайыздан асып жығылады. Қарағанды облысы қара, түсті металлургия, көмір секілді өнеркәсіп салаларына мамандырылған. Бүгінде аймақта 300-ден астам бірлескен және шетелдік кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың ішіндегі ең ірілері мыналар: «Қазақмыс» корпорациясы ААҚ, ол көп қырлы, өндірісі аяқталған циклды кен-металлургия кәсіпорны, әрі бірқатар зауыттар, кеніштер және энергетикалық нысандарды біріктіреді; «Арселор Миттал» ААҚ, ол толық металлургиялық циклді кәсіпорындардың барлығының Қарағанды бассейнінің көмір шахталарының ЖЭО, қосалқы және басқа да қызмет көрсететін өндірістік инфрақұрылымының басын қосқан.

Көбіне ерлер айналысатын ауыр өнеркәсіп денсаулыққа зиян болғандықтан, облыста зейнеткер жасқа жетпей жұмыстан шығып кету белең орын алады. Сонымен қатар, жалақыға наразы халықтың митингілері жиі көрініс табады. Әсіресе шахтада жұмыс істейтін адамдардың пікірінше олардың жалақылары мен күнде шахта астына түсіп, қауіпке тап болуы сай келмейді. Мәселен 2017 жылы шахтерлер бірнеше күн жер астында өткізіп, жалақы өсуін талап еткен.

Облыста негізінен әйелдер сауда, жеңіл өнеркәсіп салаларымен айналысады. 2019 жылдың желтоқсан айында орын алған пандемияға байланысты көптеген жеңіл өнеркәсіп орталықтары жабылып, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейінің өсуіне алып келді. Сонымен қатар декреттік демалыстан шыққан кейін әйел адамдары жұмыс табуда қиындықтарға тап болды. Сол себепті әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі ерлер арасындағы жұмыссыздық деңгейінен әлдеқайда жоғары.

Қазіргі таңда көптеген адамдар онлайн жұмысқа бет бұруда. Фрилансерлер ресми түрде жұмыссыз болып есептелінеді. Бұл фактор да жұмыссыздық деңгейі елеулі әсер етеді. Қарағанды облысында өз-өзін жұмыспен қамтыған халық үлесі 18,3%.

Қарағанды облысындағы жұмыссыздықтың орын алуының негізгі себептері жұмыс орындарының жеткіліксіздігі, төмен жалақы болып табылады.

Жұмыссыздықпен күресу үшін Қазақстанда түрлі жобалар жүзеге асырылады.

«Бірінші жұмыс орны» жобасына ЖОО мен колледж түлектері, сондай-ақ 29 жасқа дейінгі NEET санатындағы жастар қатыса алады. Кемінде екі жыл мерзімге жұмыс ұсынылады. Бірінші жылы жергілікті бюджет қаражатынан жұмыс беруші 20 АЕК (58 340 тг.) мөлшерінде ай сайынғы субсидия алады. Бірінші тоқсанда «Еңбек» бағдарламасы бойынша 8 мыңға жуық тұрғын

жұмысқа орналасты. Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша 10 мың жұмыс орны құрылды. Жұмыссыздар мамандықты тегін игере алады. Курстар «1С» бухгалтері, механизатор, қазандық қондырғыларының машинист-операторы, маникюр шебері, массаж жасаушы, пішуші және т. б. мамандықтар бойынша жүргізіледі. «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқытылады. Онлайн режимінде бірінші лекке арналған курстар басталды. Биыл облыста барлығы 1 250 адамды оқыту жоспарлануда. Жоба түлектері үшін шағын несиелер мен гранттарға қаражат қарастырылған. Жұмыспен қамту жол картасы бойынша биыл өңірге 22,8 млрд теңге бөлінді. Білім беру, денсаулық сақтау, спорт және ТКШ саласында 19 инфрақұрылымдық жоба іске асырылуда.

Жұмыспен қамту пункттері ашылған болатын. Онда кез келген адам жұмыспен қамту немесе өз ісін ашу бойынша кеңес ала алады. Бүгінгі таңда 11 пункт жұмыс істеуде. Олардың барлығы бір терезе қағидасы бойынша жұмыс істейді, яғни бір мезгілде мемлекеттік қызметтер және Кәсіпкерлер палатасының мамандарынан кеңес алады. Аз уақыт аралығында бұл бекеттерге 1966 адам келген. Сондай-ақ облыста бос жұмыс орындарының 95 жәрмеңкесі өтті. Оған 1522 жұмыс беруші қатысты. Жәрмеңкелерде 24 656 бос жұмыс орны ұсынылған. Бұл шаралардың барлығы бізге жұмыссыздық деңгейін қысқартуға мүмкіндік берді. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда ол көрсеткіш 0,2% төмендеді.

Инфляция бүгінгі таңда үлкен мәселе, себебі, инфляция жағдайында бағалардың жалпы өсуі мен табыстардың құнсыздануы байқалады. Елдегі тауар рыноктарының көбіне тепе-теңдік бұзылса, бағалар тоқтаусыз өседі. Яғни, инфляция бүкіл жалпы ұсыныс пен сұраныста қалыптасқан сәйкессіздік. Жеке тауар рыногында сұраным ұсынымнан артық болса, бұл тауарға баға деңгейі өседі. 2021 жылғы қазанда Қарағанды облысында инфляция 0,9%-ды құрады.

Азық-түлік емес тауарлар 1,4%-ға қымбаттады, ақылы қызметтердің бағасы 0,8%-ға өсті, азық-түлік тауарлары 0,5%-ға қымбатады.

Азық-түлік емес тауарлардан отын бағасының 22%-ға, шана, тюбингке – 8,2%-ға, фотоаппаратқа – 7,1%-ға, тас көмірге – 6,6%-ға, сәбилерге арналған киімге – 4,1%-ға, импорттық өндірістің ұсталған жеңіл автомобильдеріне – 3,9%-ға, мотоциклдер мен велосипедтерге – 3,4%-ға, сұйытылған газға (баллондарда) – 2,8%-ға, жылытқышқа – 2,9%-ға, қолшатырға – 2,8%-ға, тоңазытқыштарға – 2,7%-ға, ас үй плитасы – 2,4%-ға, бас киімдер – 2,2%-ға бағаның өсуі байқалды. Дизель отыны 13%-ға, бензин – 2%-ға қымбаттады.

Ақылы қызмет көрсету саласында төлем жүргізгені үшін тарифтердің 22,7%-ға, ұялы байланыс қызметтеріне – 7,4%-ға, кәсіптік оқыту курстарын төлегені үшін – 7,2%-ға, электр энергиясының тарифтері – 5,3%-ға, аяқ киімді жөндеу үшін – 2,9%-ға, шетел тілдерін оқыту курстарын төлегені үшін – 1,4%-ға, киімді тазалау және жөндеу үшін – 1,3%-ға өсуі тіркелді.

Көкөністер мен жемістерден құрылатын азық-түлік тауарлары тобында қызылша бағасының 24,8%-ға, басты пияз – 18,1%-ға, алма – 16,8%-ға, алмұрт – 6,4%-ға, жүзім – 1,6%-ға төмендеуі байқалды. Сонымен қатар қияр 40%-ға, қызанақ – 35,1%-ға, сарымсақ – 24,7%-ға, тәтті бұрыш – 12,2%-ға, банан – 8,1%-

ға, түсті кырыққабат – 7,1%-ға, апельсин – 7,5%-ға, картоп – 6,9%-ға қымбаттады. Бағаның жұмыртқаға – 20,7%-ға, қантқа – 5,8%-ға, йогуртқа – 3,2%-ға, шикідей ысталған шұжыққа – 2,6%-ға, қазы мен ысталған етке – 2,1%-ға, ашытылған сүтке – 1,9%-ға, маргаринге – 1,7%-ға, қамырдан жасалған бұйымдарға – 1,5%-ға, құс етіне – 1,4%-ға өсуі байқалды.

Қымбатшылықтың негізгі көзі монополистер. Тұрғын үй коммуналды шаруашылығынан бастап ауыл шаруашылығындағы ірі компанияларға дейін бағаны өз ырықтарында ұстап отыр. Бұл тұрғыда мемлекеттің монополияға қарсы саясаты дұрыс жұмыс істесе, тек шағын және орта бизнестің тынысын ашып қана қоймай, бағаның да арзандауына түрткі болар еді. Сондықтан, инфляция сыртқы жаһандық факторлардан, не болмаса ұлттық валютаның әлсіздігінен емес, бірінші кезекте экономикада шағын және орта бизнес үлесінің төмендігінен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімдік (2030 ж. дейін) даму стратегиясы – Алматы, 1997 [34-35 б.б.].
2. Әубәкіров Я.Ә., Нәрібаев К.Н., Жатқанбаев Е.Б., Экономикалық теория негіздері /оқулық – Алматы: ҚазМҰУ, 1998 [102-110 б.б.].
3. <https://7kun.kz/73423-2/>
4. <https://stat.gov.kz/region/256619>

ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Рейдолда С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Sau_1981@mail.ru

Өңірлік экономиканың негізгі және дәстүрлі әдістерінің бірі - өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасау. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін негізгі экономикалық құбылыстар мен үрдістерді сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Талдаудың мақсаты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының тиімді нұсқаларын негіздеу үшін экономикалық өсудің теңгерімсіздігі мен пайдаланылмайтын мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

Мақаланың негізгі мақсаты экономикалық-статистика әдістерін қолдана отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтау.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды талдау келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Өңірдің экономикалық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерін талдау;